# МЕРКІ ТЫНЫСЫ

МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады

№73 (11418)
жұма
26 қыркүйек
2025 жыл

merki.kz


ПРЕЗИДЕНТ

## ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-ШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ДЕБАТТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



**Құрметті Президент!**
**Қадірлі Бас хатшы!**
**Құрметті делегаттар!**

Біріккен Ұлттар Ұйымы сексен жылдан бері адамзатқа төнген жаһандық сын-қатерлерді еңсеруде басты рөл атқарып келеді.

Осы жылдар аралығында Ұйым біздің ұжымдық қауіпсіздік, ядролық қаруды таратпау, бейбітшілікті сақтау, өсіп-өркендеу, кедейлікті азайту, орнықты даму және адам құқығын қорғау бағытындағы ортақ күш-жігерімізді ілгерілетуге бастамашы болды.

Алайда, ақиқатқа тура қарауымыз керек: әлем түбегейлі өзгеріске ұшырады. Өкінішке қарай, жақсы жаққа қарай өзгерді деп айту қиын.

Дәл сол себепті жер жүзіндегі миллиондаған адам Бірікккен Ұлттар Ұйымына үлкен үмітпен көз тігіп отыр.

Бүгінгі тарихи кездесу – әмбебап және баламасы жоқ Ұйымның іргелі қағидаттары мен мақсаттарына қаншалықты бейіл екенімізді дәлелдейтін орайлы мүмкіндік.

Әйтсе де біз көпжақты институттарға деген сенімнің дағдарысқа ұшырағанын айтпай кете алмаймыз.

Халықаралықтық құқықты өрескел бұзу «қалыпты жағдайға» айналды. Соның салдарынан әлемдегі тұрақтылыққа нұқсан келіп, халықтардың, саяси көшбасшылар мен мемлекеттердің бір-біріне сенімі әлсірей түсті.

Қазіргідей алмағайып кезеңде бәріміз БҰҰ позициясының нығаюына ықпал етіп, Ұйымның құбылмалы заманға бейімделуіне қолғабыс етуіміз қажет.

Өзара түсіністік пен ынтымақтастық рухы соғыс өртін тұтандырудан басым болуға тиіс. Мемлекеттер басшылары бейбітшілікке ұмтылу жолында жауапкершілік арқалайды.

Қазіргі буын көшбасшыларының әрекетсіздік танытуға еш құқығы жоқ. Өйткені, оның зардабын келесі ұрпақ тартады.

Осы орайда, Бірікккен Ұлттар ұйымын жан-жақты реформалау толассыз талқыланатын тақырып емес, нағыз стратегиялық қажеттілік екеніне назар аударғым келеді.

Бізге БҰҰ-ны реформалау жөнінде нақты ұсыныс әзірлейтін жоғары кәсіби және оны еш ойланбастан алға жылжытатын пікірлестер тобын құру қажет. Ұйым бүгінгі сын-қатерлерге және ертеңгі міндеттерге сай болуы керек.

Біріккен Ұлттар Ұйымын жаңғыртуды көздейтін мұндай батыл әрекет Қауіпсіздік Кеңесін реформалаудан басталуға тиіс.

Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына Азия, Африка және Латын Америкасындағы ірі елдердің өкілдері ротация тәртібімен ұсынылуы керек.

Сонымен қатар, Қазақстан жауапкершілігі бар орта державалардың үні БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде барынша анық естілуі қажет деп санайды.

Іс жүзінде орта державалар қазірдің өзінде теңгерімді сақтауға және өзара сенімді нығайтуға үлес қосып, халықаралық қатынаста жағымды рөл атқара бастады.

Ұлы державалардың бастары бірікпегенде немесе барша адамзатты алаңдататын өзекті проблемаларды шешуге қауқарсыздық танытқанда, мұндай елдер БҰҰ аясында дәнекерге айналады.

XXI ғасырда БҰҰ беделін көтеру үшін Ұйымға

**(Жалғасы 2-бетте)**

ЭКОНОМИКА

## МЕРКІДЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ САҚТАЛЫП, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨРКЕНДЕУДЕ




**Меркі ауданында қоғамдық тұрақтылық пен ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Сейсенбі күні аудан әкімі Ербол Жиенқұловтың төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте осы бағыттағы негізгі мәселелер қаралды.**

**Назерке ҒАЛЫМ, «Меркі тынысы»**

Жиын барысында, алдымен, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Тоғжан Тұрсыналы сөз алып, аудандағы қоғамдық-саяси ахуал мен этносаралық қатынастардың жай-күйі жөнінде баяндады. Оның айтуынша, бүгінде Меркіде 30-дан астам этнос өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Әлеуметтік келісімді нығайту үшін түрлі мәдени және патриоттық бағыттағы іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылуда. Қазіргі таңда 8 этномәдени бірлестік белсенді қызмет етіп, жергілікті тұрғындар арасында ынтымақ пен бірлікті арттыруға өзіндік үлесін қосуда.

Сондай-ақ, әлеуметтік желілерге күнделікті мониторинг жүргізу жолға қойылған. Бұл жұмыс арандатушылық сипаттағы ақпараттарға дер кезінде жауап қайтарып, қоғамда тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік беріп отыр. Бөлім басшысы атап өткендей, аудан көлеміндегі қоғамдық-саяси ахуал тұрақты, келісім мен бірлік берік орныққан.

Кеңестің келесі бөлігінде ауыл шаруашылығына қатысты мәселе талқыланды. Аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ахан Алтынбаев жол картасының орындалу барысы туралы жан-жақты баяндама жасады. Оның мәліметіне сүйенсек, 2025 жылдың қаңтар-тамыз айлары аралығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 19 млрд. 171,6 млн. теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 107,3 пайызды құраған. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсім бар екенін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған шаралардың ішінде негізгі капиталға 1,9 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылғаны ерекше атап өтілді. Бұл қаржының арқасында егістік көлемі ұлғайып, минералдық тыңайтқыштарды пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізу және ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту жұмыстары қарқын алған. Мал шаруашылығында да оң өзгерістер байқалады. Атап айтқанда, сүт, ет және жұмыртқа өндірісінде өсім тіркеліп, аудан экономикасына қосымша серпін беруде.

Аудан әкімі Ербол Жиенқұлов өз сөзінде ауыл шаруашылығын екі есеге ұлғайтуға бағытталған іс-шараларды уақытылы әрі сапалы жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтау, ел бірлігін нығайту бағытындағы жұмыстарды да әрдайым басты назарда ұстау қажеттігін жеткізді.

Осылайша, Меркі ауданында қоғамдық-саяси тұрақтылық пен ауыл шаруашылығы саласындағы даму қатар өріс алып келеді. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде өңірдің әлеуеті артып, тұрғындардың әл-ауқатының жақсаруына жол ашылмақ.

ЖОЛДАУ АЯСЫНДА

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы – еліміздің даму жолын айқындайтын стратегиялық бағдар.**

## ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ТӘРТІП ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ

**Әлихан НҰРАЛИЕВ, «Меркі тынысы»**

Бұл Жолдауда көтерілген мәселелер тек республикалық деңгейде ғана емес, өңірлік, аудандық деңгейде де өзекті. Әсіресе, Меркі ауданы үшін бұл құжат – жаңа мүмкіндіктер мен тың серпіннің бастауы.

Президент Жолдауда «Заң және тәртіп» қағидасын мемлекетіміздің мызғымас тұғыры ретінде атап өтті. Бұл ұстаным Меркі ауданында да күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі. Қоғамда құқықбұзушылыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру – жергілікті билік пен құқық қорғау органдарының, сондай-ақ, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Ауданымыздағы полиция бөлімінің қызметкерлері қоғамдық тәртіпті сақтау, құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында табанды еңбек етіп келеді.

Жолдауда қоғамдық орындардағы дөрекілік пен тәртіпсіздікке қарсы тұру қажеттігі де нақты айтылды. Бұл – әсіресе, жастар тәрбиесінде маңызды мәселе. Меркіде мәдениет пен әдептілікке баулу бағытында мектептер мен колледждерде түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Әскери қызметшілердің де сыпайылығы мен тәртіптілігі – қоғамға үлгі боларлық қасиет.

Президенттің «Әрбір азамат мемлекетшіл, отаншыл болуы керек» деген сөзі – Меркі жастары үшін де бағыт-бағдар. Ауданымызда Отанға адал қызмет етуді мақсат еткен жастар саны артып келеді. Ұлттық ұлан қатарындағы сарбаздар елдің тыныштығын күзетіп қана қоймай, патриотизм мен жауапкершілік ұғымдарын бойына сіңіріп, үлгі көрсетіп жүр.

Жолдауда жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды меңгеру – жастардың басты міндеті ретінде көрсетілді. Меркіде IT бағытындағы үйірмелер мен курстар ашылып, жас буын заманауи білімге ұмтылуда. Бұл – ауданның болашағына салынған инвестиция.

Президент Жолдауда хакім Абайдың «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген сөзін келтіре отырып, өркениетті елдің негізі – әділ заң, білікті билік, саналы азамат екенін атап өтті. Бұл қағидаттар Меркідегі құқықтық тәртіп пен әскери қызметтің де негізі болып табылады.

Жолдауда қабылданатын шешімдер халықтың тұрмысын жақсартуға, әлеуметтік әділеттілікті орнықтыруға бағытталуы тиіс екені айтылды. Бұл – Меркі ауданы үшін де маңызды. Ауданымызда халықтың әл-ауқатын арттыру, кәсіпкерлікті дамыту, цифрлық қызметтерді қолжетімді ету бағытында нақты жұмыстар атқарылуда.

Президент Жолдауы – Меркі ауданы үшін де нақты әрекет жоспары. Цифрлық дәуірге бейімделу, тәртіп пен тұрақтылықты сақтау, жастарды білім мен ғылымға баулу – ауданымыздың дамуына жол ашатын басты бағыттар. Ұлттық ұлан сарбаздары мен аудан тұрғындары бұл бастамаларды қолдай отырып, ел игілігі үшін аянбай еңбек етуге дайын.

В ПОДДЕРЖКУ ПРЕЗИДЕНТА

## ПАТРИОТИЗМ – ЭТО СОЗИДАНИЕ И НОВАТОРСТВО

**Хочется подробно остановиться на словах Касым-Жомарта Токаева, сказанных в его новом Послании «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию» о том, что каждый гражданин должен быть государственником и патриотом. Так, Глава государства, обратившись к молодежи, напомнил о том, что сегодня сущность и содержание слова «патриотизм» претерпевает изменения.**

Раньше это понятие в основном измерялось традиционными ценностями. Вопросы языка, культуры, духовности рассматривались как суть национальных интересов. Безусловно, все это – опоры национальной идентичности. Их у казахстанцев никто не отнимет, причин для беспокойства нет. Однако сегодняшняя образованная молодежь воспринимает слово «патриотизм» по-другому. Для них главные проявления патриотизма – это созидание и новаторство. По словам Президента, молодые люди считают, что любовь к Родине заключается в том, чтобы приносить пользу обществу, совершая открытия, начиная новое дело. Они хотят видеть Казахстан развитым, процветающим государством, осваивают современные технологии, чтобы наш народ был в авангарде прогресса. И это радует и придает оптимизм.

Для современного подрастающего поколения патриотизм заключается в устремленности в будущее, и это наглядно отражают происходящие в общественном сознании изменения. Я, как и наш Президент, полностью поддерживаю такую позицию, веря в силы, таланты и знания молодежи. Я знаю, у них все получится, главное – делать уверенные шаги в этом направлении.

Мы не забываем, кем были вчера, чтим нашу древнюю историю, но хорошо понимаем, что только в наших руках то, кем мы будем завтра. Поэтому всегда будем поддерживать молодежь, которая стремится к знаниям, заботится о процветании страны.

Так, вся проводимая государством масштабная работа направлена, в первую очередь, ради светлого будущего подрастающего поколения. Именно ему завтра предстоит ощутить плоды претворяемых в жизнь преобразований, достойно продолжить начатое дело. Молодежь быстро адаптируется к происходящим в мире кардинальным изменениям, в особенности к наступлению эпохи искусственного интеллекта. Но при всем этом, нельзя забывать и о том, что стремясь к новым победам и достижениям, важно не нарушать закон.

Великий Абай писал, что разум, наука, достойные родители и друзья, мудрые наставники формируют лучшие качества человека. Глава государства в своем Послании дополнил эти слова: в цивилизованной и прогрессивной стране законы должны быть справедливыми, власть – компетентной, а граждане – сознательными и активными.

Молодежь должна стремиться изучать законы, знать Конституцию Республики Казахстан, 30-летие которой мы отметили в этом году. Ведь как утверждал Гете: «У того, кто решит изучить все законы, не останется времени их нарушать».

И, главное, прослушав важный документ и каждый день наблюдая за нашими гражданами, я вижу то, что благодаря кардинальным всесторонним реформам Казахстан уверено вступает на путь прогресса. Верю, что впереди нас ждет успех и благополучие. Все вместе мы должны идти только вперед, не сворачивая с избранного курса!

**Карлыгаш БЕКТЕНБАЕВА,**
**учитель русского языка и литературы**
**ОШЛ им. М.Ауэзова**

# ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-ШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ДЕБАТТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ





**(Соңы. Басы 1-бетте)**

мүше мемлекеттер бейбітшілік пен қауіпсіздіктің іргесін бекемдейтін нақты қадамдар жасауға тиіс.

Әйтпесе, БҰҰ үнемі мәселенің салдарымен күресуден көз ашпайды. Ал, проблеманың түпкі себептері үсті-үстіне көбейе береді.

Біз бұл үдерісті дәл бүгіннен бастай аламыз. Ол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына бейіл екенімізді тағы да растауымыз қажет.

Егемендік, аумақтық тұтастық және кез келген дауды бейбіт жолмен шешу қағидаттарының бәрі мүлтіксіз сақталуға тиіс. Ұйым Жарғысын қолайына қарай қолдану оның беделіне нұқсан келтіреді.

Әлем сенімге, ашықтыққа және ортақ жауапкершілікке арқа сүйейтін жаңа консенсусқа зәру.

Мысалы, Жарғыдағы Екінші дүниежүзілік соғыстан бері келе жатқан «жау мемлекет» ережесін халықаралық қоғамдастықтың басым бөлігі ескірген деп санайды.

Сондықтан, Жарғыны қайта қарау мәселесін талқылайтын уақыт келді.

Бүгінде біз алаңдатарлық ахуалға куә болып отырмыз: қарулануды шектейтін шарттар сақталмайды, демек, стратегиялық тұрақтылықтың да іргесі сөгіле бастады.

2024 жылы дүние жүзінде әскерді жарақтандыруға кеткен шығын 2,7 триллион долларды құрады. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ал, жаһандағы зорлық-зомбылықтың шығыны 20 триллион долларға жуықтады. Сондықтан, әлемдегі қауіпсіздік архитектурасын қайта қалпына келтіру халықаралық қоғамдастық үшін ең басты басымдық болуға тиіс.

Біз ядролық қару қолдану қаупін күрт азайтуды, ядролық державалар арасындағы жоғары деңгейдегі диалогты қайта бастауды қолдаймыз, көпжақты әрекеттің жандануына күш салуымыз керек деп санаймыз.

Кең көлемде алып қарасақ, соғысқұмарлық менталитетін түп-тамырымен жоятын күрделі жұмысқа кіріскен жөн. Бұл жүзеге асыруға болатын шаруа. Бастысы, мемлекеттердің бейбітшілік жолында қанша қаржы жұмсап отырғанын мұқият бақыласақ болғаны.

Қазақстан ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратпау жөніндегі жаңа диалогқа дайын. Біз Ядролық қаруды таратпау туралы шартты күшейтіп, Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың орындалуына түрткі болу үшін бейресми пікір алмасуларға мән бере аламыз.

Сонымен қатар, біз бұған дейін айтқан Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы ұсынымымызды жүзеге асыруға шақырамыз.

Қазақстан бейбіт тұрғындарға орасан зор залал келтіріп, жаһандық сенімге селкеу түсірген және халықаралық қауіпсіздікті әлсіреткен Украина айналасындағы дағдарысқа алаңдаулы.

Дегенмен, аталған қақтығысты тоқтату үшін екіжақты және халықаралық деңгейдегі дипломатиялық күш-жігерді жалғастырып, қос мемлекет ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келетін саяси икемділік көрсетуі керек.

Территориялық дау-дамайды шешу ешқашан оңай болған емес. Ол келешек ұрпақтың қамы үшін екі жақтың да барынша ұстамдылық пен жауапкершілік танытуын талап етеді.

Өшпенділік психологиясы қақтығысқа қатысушы тараптардың бітімге келуіне мүмкіндік қалдырмай, қай-қайсысын да құрдымға жібереді.

Газадағы гуманитарлық дағдарыстың ауқымы, тіпті, қорқынышты. Оған бей-жай қарау мүмкін емес.

Бұл қақтығыстың тарихи тамыры тым күрделі. Біз осы жауласудың түпкі себебін ескерусіз қалдыра алмаймыз.

Қазақстан әскери іс-қимылды дереу тоқтатуға, бейбіт тұрғындарды толық қорғауға және халықаралық гуманитарлық құқық аясындағы көмектің кедергісіз жетуін қамтамасыз етуге шақырады.

Біз екі мемлекеттің бейбіт қатар өмір сүруіне негізделген шешімді құптаймыз әрі БҰҰ-ның жетекші рөлін мойындаймыз.

Қазақстан Таяу Шығыстағы өңірлік бітімгерлікке бағытталған Арабтың бейбіт бастамасы, Нью-Йорк декларациясы, Ибраһим келісімі секілді дипломатиялық ұсынымдарды қолдайды.

Егер көшбасшылық пен саяси ерік-жігер болса, бұл құжаттар араздықты ынтымақтастық пен ортақ игілікке айналдыруға болатынын көрсетеді.

Сондай-ақ, біз АҚШ Президентінің араағайындығымен Әзербайжан мен Армения қарым-қатынасының қалыпқа түскенін ерекше ықыласпен қабыл алдық.

Бұл дипломатия мен парасатты шешімнің арқасында ұзақ жылға жалғасқан кез келген қақтығысты реттеуге болатынын дәлелдеді.

Қазақстан осы қағидатқа сүйеніп, дауды ушықтырғаннан гөрі дипломатияға жүгінуді, күш қолданғаннан гөрі диалог жүргізуді жөн деп санайды.

Қазіргі геосаяси шиеленіске қарап, кейбір саясаткерлер «өркениеттер қақтығысынан қашып құтыла алмаймыз» деген пікір айтып жүр.




Алайда, мұндай алауыздық тағдырдың жазуы емес, олардың саяси таңдауы.

Ғылым, медицина, спорт, дін және мәдениет сияқты жаһандық игіліктер геосаяси бөліністің құралына айналмауға және санкция салуға себеп болмауға тиіс. Адамзат өміріндегі бұл ізгі құндылықтар бізді гуманизм идеясына біріктіреді.

Саясаткерлер жауапкершіліктен жұрдай мәлімдеме жасағанда немесе дін мен болмысты саяси ұпайын түгендеу үшін бұра тартып, ағат әрекетке барғанда сенімге селкеу түсіп, бейбітшілікке ұмтылған ерік-жігер жасиды.

Анығында, саяси көшбасшылық – бір-біріне күмән-күдікпен қарап, менмендік таныту емес, өзара түсіністік пен құрметтен тұрады.

Әлемге тірек болып тұрған толеранттылық пен парасаттылық заң үстемдігіне арқа сүйеуі қажет.

**Құрметті әріптестер!**

Біз жікке бөлінушілік барған сайын күшейіп, инвестиция ағынына қатысты саяси сыңаржақ ұстаным белең алғанына куә болып отырмыз.

Соның салдарынан былтыр әлемдегі тікелей шетел инвестициясының көлемі 1,5 триллион долларға дейін қысқарды. Қазақстан инвестиция саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтуді табанды түрде жақтайды. Тәуелсіздіктің 30 жылында ел экономикасына 400 миллиард доллардан астам қаржы тартылды.

Біз әрқашан ашық нарық қағидаттарына сүйенеміз әрі бұл мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты болып қала береді.

Еуразия төсінде орналасқан Қазақстан Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 80 пайызына қызмет көрсететін логистикалық хаб ретінде шешуші рөл атқарады.

Біз көлік-транзит инфрақұрылымына, соның ішінде, «Бір белдеу, бір жол» бастамасына, Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізіне және Транскаспий көлік бағытына ондаған миллиард доллар инвестиция саламыз.

Қазақстан қалыптасып келе жатқан жаһандық көлік жүйесінің өзегі саналатын аймақтық жеткізу тізбегін дамытуды жалғастырады.

2029 жылға дейін 5 мың шақырым жаңа теміржол салуды жоспарлап отырмыз.

Еліміз Орнықты даму мақсаттарын ұлттық күн тәртібіндегі басымдықтардың бірі ретінде айқындады. Ондағы міндеттер мемлекеттік жоспарлауда және бюджет жобасын әзірлегенде ескеріледі.

БҰҰ Бас хатшысы мен Ұйымға мүше мемлекеттердің қолдауының арқасында Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды.

Бүгінде Орталық Азияның бірлігі мен өзара сенімі жаңаша сипат алып, өңір халықаралық бейбітшілік пен прогрестің белсенді қатысушысына айналды.

«Орталық Азия бестігі» ынтымақтастығын нығайтуда. Сол арқылы тату көршілік дамуға да, қауіпсіздікті күшейтуге де оң септігін тигізетінін дәлелдеп отыр.

Соның арқасында біздің өңір әлемдегі негізгі серіктестерімен «Орталық Азия плюс» форматында диалог жүргізе бастады.

Қазақстан Ауғанстанның инклюзивті дамуын аймақтағы ұзақ мерзімді бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің кепілі деп санайды.

Біз ауған халқына гуманитарлық көмек көрсетіп, сауда, азық-түлік қауіпсіздігі, инфрақұрылым және көлік тасымалы салаларындағы ықпалдастығымызды жалғастыра береміз.

**Құрметті делегаттар!**

Былтыр адамзат тарихындағы ең ыстық маусым болды. Бұл ретте Орталық Азияда ауа температурасы әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жоғары екенін айтқан абзал.

Алатау мұздықтары тез ери бастады. Бұл миллиондаған халықтың су және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіреді.

Қазақстан Арал қасіретінен сабақ алды. Жоспарлы іс-әрекетіміздің арқасында, соның ішінде халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық нәтижесінде теңіздің солтүстік бөлігін сақтап қалдық.

Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде еліміз бұл маңызды бағыттағы белсенді жұмысты жалғастырады.

Дегенмен, Каспий теңізі күннен күнге тартылып барады. Бұл бір өңірдің ғана проблемасы емес, жаһандық деңгейде дабыл қағатын мәселеге айналды.

Сондықтан, аймақтағы серіктестерімізді және барша халықаралық қоғамдастықты Каспийдің су қорын сақтау үшін жедел шараларды бірлесе қабылдауға шақырамыз.

Былтыр Қазақстан Франция, Сауд Арабиясы және Дүниежүзілік банкпен бірлесіп One Water саммитін өткізді.

Болашақта су тапшылығын болдырмау мақсатында анағұрлым тығыз үйлестіру, инвестиция және орнықты шешім қажет.

Аталған мәселені күн тәртібіне шығару үшін еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымымен және басқа халықаралық құрылымдармен серіктесе отырып, келесі жылы сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммит ұйымдастырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелеріміз аясында елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы жүзеге асырылып жатыр. Бұл қозғалыс тазалыққа, қоқыс жинауға және экологиялық ағартушылыққа атсалысатын миллиондаған еріктіні ортақ іске жұмылдырады.

Қазақстанның бастамасымен БҰҰ 2026 жылды Орнықты даму мақсаттары жолындағы Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Ұйымға мүше мемлекеттердің бәрін осы маңызды бастамаға қолдау білдіріп, ынтымақтастық орнатуға шақырамыз.

Осы орайда, Бас Ассамблеяға 22-сәуірді Халықаралық жер шарын көгалдандыру күні деп жариялайтын қарар қабылдауды ұсынамын.

**Қымбатты достар!**

Қазақстан жасанды интеллектіні технологиялық жетістік деп қана емес, адамзат прогресіне қозғау салатын зор табыс ретінде қарастырады.

Алайда, жасанды интеллектіні дамытудың тәуекелдері де бар. Атап айтқанда, ол технологиялық, экономикалық және геосаяси теңсіздіктердің күшеюіне әкеледі. Сондай-ақ, этика нормалары бұл эволюцияның соңында қалып қоюына жол бермеуіміз керек.

Әділеттілік, жауапкершілік және адам құқықтарын қорғау мәселелері жедел әрі нақты шешілуге тиіс.

Бұл үшін әр ел ЖИ артықшылықтарын пайдалана алатындай ұжымдық күш-жігер қажет.

Қазақстан БҰҰ аясында Жасанды интеллектіні басқару бойынша жаһандық диалогтың басталуын қолдайды.

ЖИ саласындағы қауіпсіздік, инклюзивтілік және адамға бағдарлану міндетті түрде ескерілуі үшін аталған платформа жұмысына белсенді түрде атсалысуға дайынбыз.

Қазақстанда жасанды интеллект экономика мен мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық секторына енгізіледі.

Қазірдің өзінде оны жүзеге асырудың базалық инфрақұрылымы жасақталып жатыр. Дарынды жас мамандарымыз мұны іске асыруға әзір.

Біздің стратегиялық мақсатымыз – үш жылдың ішінде Қазақстанды толық цифрланған елге айналдыру.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні кеңінен қолдану еліміздің ұлттық басымдығына айналды.

Электрондық үкімет ұлттық даму стратегиямыздың негізгі элементі саналады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің шамамен 90 пайызы цифрлық форматта ұсынылады.

Жуырда Қазақстанда ең қуатты ұлттық суперкомпьютер іске қосылды.

Дегенмен, ЖИ мен автоматтандыру көптеген елде жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін.

Сондықтан, цифрлық прогресс кәсіптік білім берумен қатар жүргізілуі қажет.






Қазақстан жұмыспен қамтуды арттырып қана қоймай, кәсіптік мамандықтардың мәртебесін көтеруді аса маңызды деп санайды.

**Ханымдар мен мырзалар!**

Жаһанда тұрақсыздық белең алған кезеңде Әділетті Қазақстан құруды көздеген жаңғыру саясатын батыл жүргізіп жатырмыз.

Соңғы үш жылда біздің аймақта бұрынсоңды болмаған саяси және экономикалық реформалар жасалды.

Жалпыұлттық референдум арқылы Президентті жеті жылға бір мерзімге сайлайтын норма енгізілді. Бұл демократия қағидаттарына сай есептілікті күшейтеді.

Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын ұстанамыз.

Қазақстанды жаңғырту ұстанымын басшылыққа ала отырып, елімізде бір палаталы Парламент құру мәселесін жалпыұлттық референдумға шығаруды ұсындым.

Мақсатымыз – саяси жүйенің қоғам сұранысына сай ашықтығы мен тиімділігін арттырып, оны ұдайы жетілдіру.

Бұл реформалардың басты қағидасы: Заң және тәртіп бәрінен жоғары тұруы керек.

Біз парасаттылыққа және заң үстемдігіне арқа сүйейтін басқару жүйесі ғана қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, азаматтардың құқығын қорғауға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Бұл халықаралық инвестицияларға, сауда байланысына және елдің қарқынды дамуына оңтайлы жағдай жасайды.

Заңды мүлтіксіз сақтайтын азаматтардың мүддесін қорғау – әділеттілікке, есеп беруге және өзара құрметке негізделген басты басымдықтарымыздың бірі.

Қазақстан экономикасы тұрақты дамып келеді.

Биыл экономикалық өсім 6 пайыздан асады деп күтілуде. Бұл біздің аймақтағы ең ірі экономиканың орнықтылығын қуаттай түседі.

Дегенмен, бұл жетістіктерге тоқмейілсуге болмайды. Біз ұзақ мерзімді дамуға бағытталған күш-жігерді жалғастырамыз.

Қазақстанның энергетикалық стратегиясы төрт салаға негізделген: мұнай-газ, көмір, уран және аса маңызды минералдар. Бұл құнды ресурстар сенімді энергетикалық серіктестіктің негізі бола алады.

Климат өзгерісі мен «жасыл» күн тәртібін көмір кені секілді орасан зор энергетикалық ресурсқа бай елдер қабылдай бермейді. Өйткені, бүгінде озық технологияның арқасында оны тазаланған күйінде пайдалануға болады.

Сондықтан, біз 35 жыл ішінде елімізді декарбонизациялау жөнінде міндеттеме алдық. Тек жаңартылатын энергия көмегімен бүкіл энергетикалық мәселені шешу мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығы – әлемдік нарықта зор әлеуетке ие жетекші саламыздың бірі.

Қазақстанның астық экспортындағы әлеуеті – 12 миллион тонна. Бұл халықаралық нарықтың басым бөлігін қамтиды және көлік байланыстарын жақсарту есебінен сауданы кеңейтудің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады.

Біз сыртқы саудамыздың инклюзивтілігі мен орнықтылығын қамтамасыз ете отырып, оны одан әрі әртараптандыру мақсатында барлық негізгі халықаралық серіктестерімізбен және аймақтағы мүдделі елдермен ынтымақтастықты жалғастырамыз.

**Жоғары Мәртебелі!**

Ел ішіндегі мемлекеттік басқару реформаларын тереңдету және шетелдегі жаһандық басқаруды қолдау – басты бағдарымыз. Біз бұл бағытты берік ұстанамыз.

Қазақстан араағайындық және бітімгер рөлін жалғастырады. Біздің таңдауымыз: үстемдік емес – тепе-теңдік, жіктелу емес – ынтымақтастық, соғыс емес – бейбітшілік.

Біз халықаралық қоғамдастықтың басқа да мүшелерімен бірлесе отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік, әділеттілік және ынтымақтастық шамшырағы екенін растауға дайынбыз.

**Рақмет!**

**AKORDA.KZ**

ӘДЕТ-ҒҰРЫП САҚТАЛСА ИГІ

# ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН

**Ұлтым деп сөйлеуден бір тынбай өткен Шерхан Мұртаза: «Жан-жақтан торыған ажалды жолатпай Қорқыт ата қобызын күндіз-түні тебірентіп-ақ келіп еді. Әттең-ай, бір сәтке қалғып кетіп, қобыздың үні өшіп қалғанда, қасиетті бабаны жылан шағып өлтірді. Сол қобыздың шын аты – Руханият», – деп жазған болатын.**



Абыз ақсақал, аңыз жазушының астарлап айтқан дана пікіріне үңілсең үлкен мағына жатқанын аңғарасың. Өйткені, рухы сөнген, рухы жүдеген елдің ұшпаққа шықпасы анық. Әлгі Қорқыт бабамыздай сәл қалғып кетсең, яғни, бауыр етің ұл-қызыңа берер рухани тәрбие тізгінін сәл босатсаң опық жейтінің сөзсіз. Сондықтан, Әділетті және Қуатты Қазақстанды құру жолындағы ең басты міндеттердің бірі ұрпақ тәрбиесі болу керек деп есептейміз. Ұлы заңғар жазушы М.Әуезов: «Бақытты көктен күтпе, балаңнан ізде!» – деп текке айтпаса керек. Себебі, сәбиге тал бесіктен берілген құнды тәрбие ғана отбасын да, Отанды да қуантары хақ. «Қазанға не салсаң, шөмішке сол ілінеді» демекші, балаңа не ексең соны оратыныңды өмір дәлелдеп берді емес пе!? Әрине, тау тұлғалар, қайраткерлер, еңбек қаһармандары, спорт жұлдыздары аспаннан түскен жоқ. Оларға туған ата-аналары, мектеп, достары, жүрген ортасы, ұлттық сана, адамгершілік, ар-намыс, адалдық, имани ұғымдарын нәресте кезінен жүрекке сіңірді. Батагөй қариялардың батиқалы сөздерін санасына тоқып, құлағына құйып өскен перзент өскенде кеудесіндегі сәулесімен айналасына жылу таратары анық. Халқым дегенде қара аспанды төңкеріп жіберердей жүрегінің түгі, табанының бүрі бар Шераға 1932 жылдың 28-қыркүйегінде дүние есігін ашқаннан жұлдызы жарқырап кетпегені белгілі. Оны өзінің «Ай мен Айша» деген роман-диологиясында ашық айтқан. «Әлемнің шартарабын: Париж, Мысыр, Қытай, Нью-Йоркті және т.б. араладым, бірақ, соның бәрі мені балалық шағымдай байыта алмады», – деп жазады жазушы кітаптың «Жолашарында». Әкесін «Халық жауы» деп ұстап әкеткенде 5 жасар Шерхан кішкентай екі бауырымен анасы Айшаның қолында өскенін, қандай қиыншылықты еңсергенін шығарманы оқыған соң Шерхан болмысының өрлігі мен биіктігінің сырын түсінгендей болдым. Қаңтардың қаһарлы боранында адасып үсіп келе жаздаған 11 жасар жұдырықтай бала Барсханның жүрек жұтқан ерлігін, намысшылдығын, зор адамгершілік қасиетін көреміз. Балағы жырым-жырым бомази шалбар киіп жалаңаяқ жылқы бағып жүрген баланың астындағы атын міне бермей, ауыздығын алып, арқасын суытып, тартпасын босатып, жемді жерге қоя бергенінен жанашыр мейірімділігі суреттелсе, жанын шүберекке түйген жанкештілігі, әсіресе, Айша екеуі аппақ қарлы даламен жүйткіген пойыздың ішіне кіре алмай, вагон есігінің сыртындағы тепкішекке ілініп, салбырап, қолдары қарысып, тұтқыштан қатып қармаған сәттегі жігерін жанып алға талмай ұмтылған қайсарлығы тайға таңба басқандай көз алдыңа келеді. Мұны жазып отырған себебім, өмір дегеніміз асфальттай даңғыл жол емес. Балаларымыз ақылды, білімді, иманды, қайратты, мейірбан боп өссін десек, оларға қазақтың ай мүйізді асыл азаматтарының өнегелі өмірімен таныстырып, алдаспандай жарқыраған сайыпқыранға айналу үшін кісілік келбетіне кір жұқтырмайтын үлкен парасат иесі болуы керектігін насихаттау қажет. Бұл әрбір ата-ананың, ұстаздардың, кітапханашылардың, ауыл ақсақалдарының, баспасөз, телевизия қызметкерлерінің қасиетті борышы болмақ. «Мәдениеттің мәйегі – кітап» демекші, Жамбыл облысының әкімі Е.Қарашөкеевтің бастамасымен «Әулиеата – кітап оқитын өңір» атты жобаның қаншалықты құнды екенін 80 жылдығыма байланысты Тараз, Меркі кітапханаларында өткізілген кездесулерде анық байқадым. Әсіресе, Ш.Уәлиханов атындағы облыстық кітапханада, Тараздағы Д.Қонаев атындағы кітапханада, зағиптер мектебінде жас бүлдіршіндердің әдебиетке, поэзияға деген құштарлығы жүрегімді тебіренткені рас. Сондай-ақ, Меркі ауданының 20 шақты мектебінде Абайдың, Фаризаның, Мұқағалидың, Мұхтардың, Күләштың және т.б. өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтқан ыстық ықыласқа толы жалындаған жанарларға қарап дән риза болғанымды да жасырмаймын. Ал, Ата Заңымыздың 30 жылдығы мен ұлы Абайдың 180 жылдығына орай ұйымдастырылған «Ауыл мәдениеті – ауыл айнасы» атты аудандық байқауға жергілікті тұрғындардың өнерпаздарының өз клуб қызметкерлерімен бірге өткізген мәдени іс-шаралары арқылы Меркі жерінде ұлттық мұра мен салт-дәстүрдің сан алуан үлгілері көрсетілді. 80 жасар баладан 80-дегі қарттарға дейін қатынасқан байқаудан елдің ынтымағы мен бірлігін, ел іші – өнер кеніші екенін, алдынғы толқын мен кейінгі толқынның рухани жалғастығының куәсі болдық. Ауыл қарияларының бір ел болып жаңа Қазақстан жастарының бойына дәстүрлі құндылықтрымыз тіл, мәдениет, руханият, әдеп туралы тәлім мен тәрбие беріп, мемлекетіміздің дамып көркеюіне өз үлестерін қосып жатқанын байқасақ, жастардың қазақ халқының озық ойлы ұлттардың қатарында болуды армандайтынын аңғардық. А.Асқаров пен Қ.Ыдырысовтай атақты адамдар шыққан Татияда мал шаруашылығының өркендеп келе жатқаны, Андас батыр ауылының жастары жылқы құлағында ойнауы, Қостоғанда ауыл әжелерінің ұлттық өнерді әспеттеуі, аспаралықтардың Абай өлеңдерінің өміршеңдігін көрсетуі, ақтоғандықтардың «Жұмысшы мамандықтар жылы» тақырыбындағы керемет көріністері, Кеңес ауылындағы тұсау кесу, қонақтарды қарсы алу сияқты ұлттық дәстүрлер және т.б. ауыл округтерінде де жергілікті кәсіпкерлердің қолөнерлері, жеміс-жидек өнімдері және т.б. көпшілікті тәнті еткені айтқан жөн. Мұны көрген жастар, оқушылар әке жолын қумайды деп кім айта алар?!

Ауданда үлгілі ұл-қыздар өсірген ата-аналар да аз емес. Мен өзім жиі араласатын бақытты аналар қатарына Ермекүл, Ұлжан, Айша, Сандуғаш, Гүлайым, Күлсира, Мәдина, Дина, Қайнаркүл, Алия, Ханымкүл, Бейсенкүл, Бекзада, Алтын, Оразгүл, Рашидкүл және т.б. ұл-қыздарының арқасында шалқып өмір сүріп жатқаны өтірік емес. Олар М.Әуезов айтқандай, бақытты көктен емес құшағындағы балаларынын тауып отыр.

**Еліміздің және кейінгі ұрпақтың болашағын тереңнен ойлағымыз келсе Ж.Баласағұнның: «Қатаң ұста – бос жүрмесін сандалып, болса тәртіп – бала өседі сомдалып» – деген ұлағатты сөзін естен шығармайық, ағайын!**

**Шырын МАМАСЕРІКОВА,**
**Қазақстанның Құрметті жазушысы,**
**«Құрмет» орденінің иегері,**
**Меркі ауданының Құрметті азаматы**

ПІКІРЛЕР ТОҒЫСЫ

# СЕМИНАР-ТРЕНИНГІ ӨТТІ



Меркі ауданында «AMANAT» партиясының бастауыш партия ұйымдары (БПҰ) төрағаларына арналған кеңейтілген семинар-тренинг өтті. Биыл партияда Бастауыш партия ұйымдарының жылы деп жарияланғандықтан, бұл іс-шара еліміздің барлық өңірінде жүзеге асып жатқан оқу бағдарламасының бір бөлігі болып табылады. Партия төрағасы Ерлан Қошановтың тапсырмасына сәйкес ұйымдастырылған семинардың мақсаты – жергілікті деңгейдегі бастауыш ұйымдардың жұмысын жетілдіру, коммуникациялық дағдыларды дамыту және тәжірибе алмасуға жағдай жасау. Шараға партияның Саяси менеджмент академиясы бастамашы болды. Бұл жолғы оқыту алаңына Меркі, Т.Рысқұлов және Байзақ аудандарындағы БПҰ төрағалары жиналып, партияның стратегиялық құжаттарымен, өңірлік жобаларды іске асыру ерекшеліктерімен жан-жақты танысты.

**Бағдарламаның негізгі бағыттары:**

1. «Бастауыш партия ұйымдарының қызметін жетілдіру» – бастауыш буынның жұмысын жүйелі ұйымдастыру, жергілікті халықпен кері байланыс орнату және партиялық жобаларды іске асырудың заманауи тетіктерін талқылау.

2. «Әйел Аманаты» модулі – қоғамдағы әйелдердің рөлін күшейту, гендерлік теңдік пен әлеуметтік бастамаларды дамыту. «AMANAT» партиясы аясында құрылып жатқан Әйелдер қанаты қазақстандық әйелдердің елдің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени өміріне белсенді араласуына, гендерлік теңдік қағидаттарын жүйелі ілгерілетуге бағытталған. Әйелдер қанаты жұмысының негізгі басымдықтары мыналарды қамтиды: әйелдердің саяси көшбасшылығын қолдау; тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл; инклюзиялық қоғамды дамытуға жәрдемдесу; психологиялық қызмет институтын құру; өндірістегі әйелдердің құқығын қорғау; ауылдық жерде әйелдер кәсіпкерлігін қолдау; әйелдердің денсаулығын және отбасылық құндылықтарды нығайту; гендерлік сараптама жүргізу, теңдік қағидаттарын ілгерілету; әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту; ғалым әйелдерді қолдау, ғылымдағы көшбасшылығын арттыру. Семинар барысында қатысушылар саяси көшбасшылық пен коммуникациялық қабілетті дамытуға арналған тәжірибелік сабақтарға қатысып, тиімді жұмыс тәсілдерін талқылады. Өңірлік деңгейдегі әлеуметтік мәселелерді шешуде БПҰ рөлін арттыру жолдары да кеңінен сөз болды. Тренингті «AMANAT» партиясы Саяси менеджмент академиясының лекторы Самал Нүкежанова жүргізді. Оның айтуынша, мұндай оқыту бағдарламалары партия белсенділерінің біліктілігін арттырып қана қоймай, ел дамуына серпін беретін жаңа бастамаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Іс-шара соңында қатысушылар өз аудандарында партиялық жұмысты жетілдіру бойынша нақты жоспарларын бөлісіп, болашақта ортақ жобаларды бірлесе жүзеге асыруға ниет білдірді.

**«AMANAT» ПАРТИЯСЫ МЕРКІ**
**АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ**

ЗА СТРОКОЙ ПОСЛАНИЯ

**Каждый год я внимательно слушаю выступление Президента страны с Посланием, беру на заметки все важные приоритеты, которые предстоит воплощать в жизнь. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию» также не стало исключением. В нем я смог почерпнуть для себя много важного и актуального.**

# РАДИ БЕЗОПАСНОГО ОБЩЕСТВА

Как сказал Президент страны, «Закон и Порядок» – незыблемая опора нашей государственности. Для укоренения этого принципа в обществе все профильные органы должны выработать общее видение и общую позицию. Именно от этого зависит наше безопасное общество, спокойная жизнь граждан, их уверенность в стабильном и завтрашнем дне.

Полностью поддерживаю я Президента страны и в том, что для каждого из нас первостепенное значение имеет соблюдение принципа нулевой терпимости к любому правонарушению, к любому беззаконию. Поэтому работу государственных органов в этом направлении нужно всесторонне поддерживать. Только тогда в общественном сознании сформируется нетерпимость к правонарушениям, жестокости и насилию, появится иммунитет к любым антисоциальным явлениям. Именно к этому и призывает в своем главном документе Президент страны.

По словам Касым-Жомарта Токаева, необходимо признать то, что сейчас стали обычными явлениями грубость, ругань, драки, которые зачастую можно наблюдать даже в общественных местах, на дорогах. Особенно неприятно видеть, как женщины устраивают скандалы, употребляют нецензурные выражения, совершают непристойные поступки. Подобные действия неприемлемы в культурном, цивилизованном обществе, они наносят ущерб авторитету нашей страны на международной арене. Потому, нашему обществу надо меняться в лучшую сторону, отказаться от пагубных привычек, агрессии. И каждый человек, в первую очередь, чтобы решить проблемы в этом направлении должен начинать с себя. Контролировать поведение своих родных, близких, друзей, знакомых. На своем примере демонстрировать, как правильно вести себя в общении с людьми, как контролировать свои эмоции, не нарушать закона.

Чтобы стать прогрессивной нацией, Президент страны призвал казахстанцев решительно избавляться от всех негативных моделей поведения. Ведь Великий Абай не зря говорил: «Коль казах казаху не друг, будет жизнь постылой вокруг». Культурность, порядочность и воспитанность должны начинаться с каждого гражданина, с каждой семьи, тогда на наших улицах будут царить закон и порядок.

**Серик МАХАМБЕТОВ, председатель**
**Меркенского районного суда**

ОБРАЗОВАНИЕ

# НОВАЯ МОДЕЛЬ ВОСПИТАНИЯ

**КАЧЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ – КЛЮЧ К РАЗВИТОМУ ГОСУДАРСТВУ. СОХРАНЯЯ ЛУЧШИЕ ТРАДИЦИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ, КАЗАХСТАН НЕ ДОЛЖЕН СТОЯТЬ НА МЕСТЕ. ГЛАВНАЯ НАДЕЖДА В ЭТОМ ВОЗЛАГАЕТСЯ НА НАС, УЧИТЕЛЕЙ, СПОСОБНЫХ ВОСПИТАТЬ ПОКОЛЕНИЕ, ОТКРЫТОЕ ВСЕМУ НОВОМУ И ПРОГРЕССИВНОМУ.**

Регулярно Глава государства акцентирует внимание на том, что у всех детей страны, в независимости от места их проживания: будь то село или город, должен быть равный доступ к качественному образованию. Практика показывает, что именно из сельской местности нередко выходят выдающиеся личности в различных отраслях жизнедеятельности.

«Адал азамат» – новая воспитательная программа. С 2025-2026 учебного года она внедряется во всех организациях образования. Она стала логичным продолжением ранее действующей программы «Біртұтас тәрбие», но с обновленным содержанием и названием, соответствующей идеологической концепции Главы государства «Адал Азамат – Адал еңбек – Адал табыс». Главная цель программы – воспитать честного и трудолюбивого гражданина. Система воспитания будет строиться на общенациональных ценностях и усиливать партнерство школы, родителей, общества. В нашей общеобразовательной школе-гимназии им. А.Аскарова также с 1 сентября т.г. внедряется эта единая программа, согласно которой особое внимание будет уделяться координации всех участников воспитательного процесса. Работа в школе будет выстраиваться во взаимодействии с органами власти, правоохранительными органами, службы здравоохранения и внутренней политики. В рамках этой программы в нашей школе-гимназии уже запланирован ряд мероприятий, уроков, встреч, «круглых столов», направленных на воспитание таких важных качеств, как: справедливость, трудолюбие, патриотизм. Большое внимание будет уделяться предупреждению буллинга, правонарушений и других рисков для детей.

Я, как и наш Президент, считаю, что задача педагогов и, конечно же, родителей – воспитание достойных граждан нашей страны. Достойный гражданин – это патриот Родины. Мы должны опираться на юное, подрастающее поколение, чтобы передать им в руки судьбу нашего государства. И программа «Адал азамат» поможет системе образования быстро адаптироваться к новым реалиям времени, заниматься развитием креативного потенциала детей, обучая цифровым технологиям и точным наукам.

Все мы едины в своем стремлении сделать нашу страну процветающей и развитой. Ключ к этому, по словам Президента страны – качественное, доступное и современное оборудование. Сейчас, как никогда, важно придать образованию новый, мощный импульс развития.

**Халида ИСАЕВА,**
**учитель начальных классов**
**ОШГ им. А.Аскарова**

МОЛОДЕЖНАЯ ПОЛИТИКА

**Развитие государства напрямую зависит от молодежной политики, которую оно проводит. Ведь молодежь определяет будущее страны.**

# ПРОГРАММЫ ПО ПОДДЕРЖКЕ И РАЗВИТИЮ

В Казахстане действует немало программ государственной поддержки молодежи, которые помогают им в учебе и трудоустройстве, в доступе к жилью. Так, уже много молодых казахстанцев смогли воспользоваться такими программами как: «С дипломом – в село!», «Мәңгілік ел жастары», «Серпін-2025», бесплатное профессионально-техническое образование для всех», Молодежная политика, проект «Первое рабочее место», «Контракт поколений», «Бастау Бизнес», государственный грант на открытие бизнеса, социальное рабочее место, программа «Бақытты отбасы» и др.

Также в 2025 году казахстанская молодёжь и молодые семьи смогут воспользоваться рядом доступных ипотечных программ, направленных на улучшение жилищных условий. Часть из них ориентирована исключительно на молодёжь, в то время как другие предоставляют льготные условия для всех граждан.

Так, запущена программа ипотеки для рабочих Казахстана «Наурыз Жұмыскер». Прекрасно зарекомендовали себя региональные ипотечные программы, такие как Qamqor, «Алатау жастары». Они реализуются совместно с Отбасы банком и местными акиматами. Эти программы действуют практически во всех регионах Казахстана и помогают молодым специалистам получить жильё на выгодных условиях.

Программа арендного жилья «Елорда жастары» помогает перейти из арендного жилья в собственное. Программа «Жас Отбасы» направлена на поддержку молодых семей. Государственная ипотека «7-20-25», действующая до 2029 года, продолжает быть популярным инструментом для приобретения жилья. Программы «Наурыз» и «Отау» также популярны. Радует то, что в 2025 году программы «Наурыз» и «Отау» будут работать по унифицированным условиям.

Программа «Ұмай», разработанная для женщин, реализуется совместно с Отбасы банком и Азиатским банком развития. «Зелёная ипотека» – эта программа предназначена для покупки жилья, соответствующего экологическим стандартам, например, сертифицированного по BREEAM или LEED.

Так, ипотечные программы, предлагаемые в 2025 году, сделают жильё доступным для молодёжи, женщин и социально уязвимых граждан. Каждая из программ учитывает особенности участников, создавая комфортные условия для улучшения жилищных условий.

Программы «Жас маман», «Жасыл ел» также являются актуальными, и направлены на поддержание молодежи и экологии нашей страны. Важным является то, что за все время действия молодежных проектов в стране достигнуты высокие результаты. Меры, предпринятые государством, работают эффективно.

Проекты, реализуемые в стране современные и дают шансы для казахстанской молодежи построить карьеру, найти любимое дело и быть конкурентоспособными.

**Назерке АЙДАРБЕК,**
**бизнес-тренер Молодежного ресурсного центра**

ЖАСТАР ТӘЖІРИБЕСІ

# ТИІМДІ БАҒДАРЛАМА

Аскерова Назерке Бахтиярқызы 2004 жылы 2-тамызда дүниеге келген. Меркі ауданы, Меркі ауылы, Тоқаш Бокин көшесінің тұрғыны.

2025 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз университетін психология мамандығы бойынша аяқтаған. 2025 жылы 28-шілде де Меркі ауданы бойынша Мансап орталығына жұмыссыз ретінде тіркеліп, 2025 жылдың шілде айның 28-нен бастап, Меркі ауданы әкідігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-не психология мамандығы бойынша жастар тәжірибесіне жолдамамен жұмысқа жолданды.

Қазіргі уақытта ол өз міндеттерін адал атқаруда. Назерке жастар тәжірибесі бағдарламасын жастарға өте тиімді және тәжірибе алғанға пайдалы екенін айтып, бағдарламаға ризашылығын білдіруде.

**Меркі ауданы бойынша Мансап орталығы**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



# ЕР ЖАСЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Меркі ауылының азаматы, жаны жайсаң, жүзі жарқын, өнегелі іс-әрекетімен жан-жағына нұрын шашып жүрген абзал азамат, белгілі кәсіпкер **Қалқабаев Нұрбол Жолдасұлы** 27-қыркүйек күні 50 жасқа толмақ. «Жақсы адам – Алланың нұры» деген қанатты сөз Нұрбол балама арналғандай.

Кішілік пен кісіліктен жаралған періште пейілді, адамгершілігі мол, ақ жүрек, иманды ізгі азаматты мерейтойымен құттықтай отырып, жұбайы Әсел екеуі тәрбиелеп, өсіріп отырған Бекет, Нұрдәулет, Санжар атты перзенттерінің қызығын көріп, аналары Сейсекүл Әбдіқұлова мен туған-туыстарын, дос жарандарын қуанышқа бөлесін. Елдің игілігі үшін жасап жатқан ересен зор еңбектерінің жұлдызы жануын шын жүректен тілейміз. Жамбылдың жасын, Сәкеннің сәнін ғибратты ғұмырына серік етуді ұлы Раббым нәсіп етсін.

**Ізгі ниетпен: анасы – Сейсекүл, жұбайы – Әсел, қарындасы – Раушан, күйеу баласы – Дастан, балалары – Бекет, Нұрдәулет, Санжар, жиендері – Әли, Кәусар.**

## АКЦИЯ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

# ДЕЛАЮТ РАЙОН ОБРАЗЦОМ ЧИСТОТЫ И ПОРЯДКА

**С приходом осени погода за окном стала портиться. Уже на небе появляются тяжелые облака, которые пророчат скорые дожди. А это значит, что остается все меньше времени для того, чтобы навести порядок на земле, готовя ее к непогоде и первому снегу.**

**Ольга АКИНИНА, «Меркі тынысы»**

Именно поэтому, субботники и экологические акции стали проводиться чаще. На них, чтобы внести свою лепту в санитарную очистку и благоустройство района выходят все, и стар, и млад. Субботники проводятся по всему району, во всех сельских округах, что способствует улучшению экологической ситуации на его территории.

Люди разного возраста, профессий, берут в руки лопаты, грабли, вилы, мешки для сбора мусора, веники и спешат творить добрые дела, ликвидировать стихийные свалки и убирать мусор в родном селе, в том числе и на лоне природы – в горах, где остается много самого разного сора после отдыхающих. В результате таких добровольных инициатив зеленые зоны и места отдыха района не только становятся чище, но и у жителей района усиливается чувство ответственности за природу родной земли.

Так, такие совместные субботники – это уже добрые традиции для многих коллективов, во время которых люди становятся еще сплоченнее, понимая, что делают одно общее и благородное дело. Выходят на субботники и республиканскую экологическую акцию «Таза Қазақстан» и педагоги, учащиеся школ, студенты. Они очищают от мусора территорию, прилегающую к школам, колледжам, парки, памятники и обелиски, посвященные ВОВ. Им нравится этот особенный дух единения одним общим делом, этот осенний ветер, который дует в лицо, встречая их на природе. Так, осенняя погода словно сама располагает к тому, чтобы провести время на свежем воздухе с пользой.

Потому, взяв пакеты молодежь в перчатках начинает собирать бутылки, бумагу, целлофан, бычки. Они разбиваются на небольшие группы и распределяют между собой участки работы, привыкая к ответственности и выполнению долга. Для многих девушек и юношей это стало не только возможностью помочь району, но и поводом провести свободное от занятий время с пользой в компании веселых друзей, одноклассников и однокурсников. С улыбками, шутками и в рабочем настроении молодежь убирает мусор, подавая пример всем прохожим. Они перекладывают ветки, аккуратно отгребают листву и собирают все в кучи. Рабочий шум, суета и шелест пакетов с собранным мусором сливаются с пением птиц и звуками ветра – картина, напоминающая о том, что чистота родного края в руках его жителей. Постепенно места, где они проводят уборку, преображаются прямо на глазах. А ведь здесь еще час назад валялись баклажки и бумага, теперь осталась только зелень. Чистые дорожки, убранные клумбы и аллеи вновь стали выглядеть ухоженно и привлекательно. Сразу видно, что работа кипела, шла слаженно – каждый из ребят четко понимал свою задачу, и уже спустя время чистота стала заметна всем, даже случайно проходившим мимо людям, которые останавливались, вдыхая свежий осенний воздух, любовались, благодарили школьников и студентов за их благородный труд.

Так, каждый день к такой уборке активно подключаются не только педагоги, студенты и школьники, но и волонтеры, представители организаций и учреждений, жители ближайших улиц. Таким образом, акция превращается в настоящее общее дело, праздник труда и заботы о родном крае.

Вклад каждого патриотично настроенного меркенца направлен на то, чтобы сделать Мерке чистым, красивым и комфортным. И чем чаще проводятся такие акции, тем быстрее формируется простая привычка – не только убирать, но и беречь все то, что нас окружает и что нам так дорого.

## ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ




# МЕЙІРІМДІЛІК ЖАНҰЯДАН БАСТАЛАДЫ

Жуырда «Меркі аудандық мүгедек балаларды оңалту және бейімдеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Отбасы күніне орай, «Әке, ана және мен – тату отбасы» атты іс-шара өтті. Аталған іс-шараның мақсаты – бүлдіршіндеріміздің отбасыға деген сүйіспеншілігін, өзіне жақын ортаның барын сезінуге және қолдау көрсете білуге үйрету. Сонымен қатар, осындай іс-шаралар арқылы балалардың спорттық-эстафеталық жарыстарға қызығушылықтарын арттыру мен спортқа деген белсенділіктерін нығайту болатын. Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпа тәрбиелеу мен ептілікке, шапшаңдыққа жаттықтыру да осы іс-шараның басты мақсаты болып саналады.

«Әке, ана және мен – тату отбасы» сайысының ашылуы ҚР Әнұранының орындалуымен басталды. Барлық қатысушылар мен қонақтар және ұжым мүшелері Әнұранымызға құрмет көрсетіп, бірге орындады. Сайысқа үш отбасы қатысты. «Сұңқар» тобы – Асылхановтар отбасы, «Қыран» тобы – Абуевтер отбасы, ал, «Бүркіт» тобы Тоғабаевтар отбасынан құралған екен. Әрбір отбасы өз тобын таныстырып, жарыс бастамасын ұрандарымен жалғастырды.

Бұл сайыс төрт кезеңнен тұрды. Әрбір топ мүшесі өз тобына қолдау көрсете отырып, белсенділік таныта білді. Нәтижесінде барлық отбасы жақсы деген нәтиже көрсетіп, тиісті марапаттарға ие болды. Бізді қуантатын мәселе – ата-аналардың әрбір осындай іс-шараларға біркісідей атсалысып, белсене қатысқандығы. Бұл деген болашақта әрбір ортаның ұйымшылдығы мен бірлігіне зор ықпалын тигізбек.

Іс-шараға ауданымыздағы «Amanat» партиясы Меркі аудандық филиалының төрағасы Күлайым Шағатаева қатысты.

**Нұрлы ТОҒЫШАҚОВА,**
**Ойтал ауылдық округі**

# ЕЛДЕ 16,6 МЛН. ТОННА АСТЫҚ БАСТЫРЫЛДЫ

**Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың болжамды жинау алаңы 16 млн. гектардан асады. Бұл туралы АШМ баспасөз қызметі хабарлады. Бүгінгі таңда 10,9 млн. гектар немесе жалпы егіс алқаптарының 68,2%-ы жиналды. Нәтижесінде 16,6 млн. тонна астық бастырылды.**

Дәнді дақылдардан бөлек, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер 799,3 мың тонна майлы дақыл, гектарына 224,7 центнер өнімділікпен 1,9 млн тонна картоп және гектарына 298,2 центнер өнімділікпен 2,9 млн. тонна көкөніс жинады.

Атап айтқанда, 324,3 ц/га өнімділікпен 405,2 мың тоннадан астам қырыққабат, 412,2 ц/га өнімділікпен 731,2 мың тонна пияз, сондай-ақ, 290,2 ц/га өнімділікпен 305,7 мың тонна сәбіз жиналды.

Егін жинау науқаны ұйымдасқан түрде, агротехникалық талаптарға сай мерзімде өтіп жатыр.

Айта кетелік, Астанада астық пен бұршақ дақылдарын терең өңдейтін кешеннің құрылысы басталды.

**Назым БӨЛЕСОВА**

## ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

# «AMANAT» ПАРТИЯСЫ МЕРКІ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ XIV КЕЗЕКТЕН ТЫС КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ




Еліміздің бас партиясы болған «AMANAT» партиясы мақсат-міндеттерін мүлтіксіз атқарып келеді. Осы орайда, аптаның бейсенбісінде аудан орталығындағы Мәдениет үйінде «AMANAT» партиясының Меркі аудандық филиалының кезектен тыс XIV конференциясы өтті.

Жиынға «AMANAT» партиясының аудандық мәслихат депутаттары, саяси кеңес мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, мекеме, бөлім басшылары мен қызметкерлері, партия аудандық филиалы «Жастар рухы» Жастар Қанатының мүшелері мен жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Күн тәртібіне 3 мәселе ұсынылды: 1. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын міндеттер туралы; 2. Шығып қалған аудандық мәслихат депутатының орнына партиядан кандидат ұсыну; 3. «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының кезектен тыс XXXVI конференциясына делегат сайлау туралы.

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша сөз аудандық мәслихат депутаты Қыстауов Болатбек Тәңірбергенұлына берілді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын міндеттер туралы толық баяндалды. Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша, «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігі Жарғысының 9.6 тармағына және партия Меркі аудандық филиалы Саяси кеңесі Бюросының шешіміне сәйкес Меркі аудандық мәслихатының №7 және №13 бірмандаттық сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидатураларын конференция қарауына енгізді.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының кезектен тыс XXXVI конференциясына партия облыстық филиалы ұсынған квотаға сәйкес 15 делегат сайланды. Партия филиалының конференциясында барлық ұсыныстар талқыланып, тиісті қаулы қабылданды.

**Ардақ ТЕНЕЛБАЙ,**
**«AMANAT» партиясы Меркі аудандық филиалының консультанты**

## САҚ БОЛЫҢЫЗ!

# ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ

**Табиғат – адамзатпен біртұтас дүние. Ол біздің өмірімізде аса маңызды орынға ие, оның біздің көңіл-күйімізге, денсаулығымызға, атқарып жатқан жұмысымызға әсері зор.**

Ауданның экологиялық жүйесіндегі маңызды орындардың бірін орман алқаптары алып жатыр. Ауданның ормандары – бұл маңызды қорғау қызметін атқаратын табиғи кешен. Мұндай өрттер үлкен көлемдерге таралып, орман-дала өрттеріне өтеді, сонымен қатар, оларды өшіру үшін өртке қарсы қызметі күші мен құралдарының негізгі бөлігі бөлінеді де, нәтижесінде елді мекендер өртке қарсы қорғаусыз қалып, ауылшаруашылығы алқаптарына қауіп төнеді. Осылайша, табиғи өрттер үлкен материалдық шығындарға алып келеді. Өрт қашанда жақсылық әкелмейтіні белгілі, ол жолында кездескен ағаш, аң-құсты түгелдей жойып, соңы қайғылы оқиғаға соқтырып жатады.

**СОНДЫҚТАН, ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН !!!**

**Өрт қауіпті маусымында тыйым салынады:**

– Кепкен шөбі бар жарларге от жағуға;

– Кез-келген жерге сөндірілмей қалған шылым мен сіріңке қалдықтарын тастауға;

– Тез жанғыш заттар мен материалдарды арнайы қаралмаған жерлерде қалдыруға.

Дала, табиғи өрттерді байқаған жағдайда бірден өртті сөндіруге шара қолданғаныңыз жөн, ал оны өз күшіңізбен сөндіре алмаған жағдайда, өрттен қорғау қызметіне телефон арқылы 101-ге хабарласыңыз, табиғатты қорғау жолында өз үлесіңізді қосқаныңыз болып табылады.

**Меркі ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі және №9 ӨСБ**

Аудандық «Меркі тынысы» газетінің ұжымы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ардагер журналист

**Болат ЖАППАРҰЛЫНЫҢ**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

# ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Тараз» МГҚБ» филиалы экологиялық құжаттама материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды:** Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылар нормативтерін түзету жобасы, рұқсат етілген ағындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, 2025-2032 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары. Экологиялық рұқсатты ресімдеу.

**Әсер ету аумағы:** Жамбыл облысы, Меркі ауданы, а. Андас батыр (42°49′41″с.е. 73°29′28″ ш.б.).

**Участоктың географиялық координаттары:** 42°48′9.98″ с.е. 73°29′59.17″ ш. б.

**Тыңдау өтеді:** 2025 ж. 05-қараша, 15:00, мекен-жайы: Жамбыл облысы, Меркі ауданы, а.о. Андас батыр, а. Андас батыр, к. А. Шотаев, 39.

Жобаның материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat «Қоғамдық тыңдалымдар» бөлімінде танысуға болады.

Барлық ескертулер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізу күніне дейін 3 жұмыс күні ішінде ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ, ММ «Жамбыл облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында», мекен-жайы: Тараз қ., Абай көшесі, 133А, тел.: 8 (7262) 45-45-78, s.agabek@zhambyl.gov.kz қабылданады.

**Бастамашысы: «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Тараз» МГҚБ « филиалы,**

**БСН: 110141014625.**

**Мекен-жайы:** ҚР, Тараз қ., Қойгелді к., 177

Тел.: +77016662346, g.konasheva@ica.kz

**Жоба әзірлеуші:** «Еңбек қорғау қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздігі бойынша зерттеу орталығы» ЖШС.

**Мекен-жайы:** ҚР, Астана қ., Есіл ауданы, Е 887 көшесі, 13 үй БСН 110640009215

Анықтама үшін пошта және телефон: toocentr@mail.ru; +77015558633.

Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс және бейнеконференция форматында өткізіледі.

**Онлайн тыңдауларға қатысу үшін Qosyl сілтемесі арқылы қосылу қажет:**

https://meet.qosyl.kz/meeting?room=995073532381

**Кездесу идентификаторы:** 995-073-532-381

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

**Филиал «УМГ «Тараз» АО «Интергаз Центральная Азия» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам экологической документации:** корректировка проекта нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, проекта нормативо допустимых сбросов, программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий по охране окружающей среды для Филиала УМГ «Тараз» на 2025-2032 гг. Оформление экологического разрешения.

**Территория воздействия:** Жамбылская область, Меркенский район, с. Андас батыра, (42°49′41″ с. ш. 73°29′28″ в. д.).

**Географические координаты участка:** 42°48′9.98″ с. ш. 73°29′59.17″ в. д.

**Слушания будут проведены:** 05.11.2025 г., 15:00, по адресу: Жамбылская область, Меркенский район, с.о.Андас батыра, с. Андас батыра, ул. А. Шотаев, 39.

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте ndbecology.gov.kz и на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat в разделе «Общественные слушания».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте ndbecology.gov.kz, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области», по адресу: г.Тараз, ул.Абая, 133 А, тел: 8(7262) 45-45-78, s.agabek@zhambyl.gov.kz

**Инициатор: Филиал «УМГ «Тараз» АО «Интергаз Центральная Азия»,**

**БИН: 110141014625**

**Адрес:** РК, г.Тараз, ул.Койгельды,177.

Тел.: +77016662346, g.konasheva@ica.kz

**Разработчик:** ТОО «Исследовательский центр по безопасности охране труда и промышленной безопасности»

**Адрес:** РК, г. Астана, р-н Есиль, ул. Е 887, д. 13 БИН 110640009215

Эл. почта и телефон для справок: toocentr@mail.ru; +77015558633.

Общественные слушания проводятся в формате открытого собрания и видеоконференцсвязи.

**Для участия в слушаниях онлайн необходимо подключиться Qosyl по ссылке:**

https://meet.qosyl.kz/meeting?room=995073532381

**Идентификатор встречи:** 995-073-532-381.

МЕРКІ ТЫНЫСЫ
МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Бас директор – Олжас ИЕНБЕРГЕН
Бас редактор – Әлихан НҰРАЛИЕВ

Меншік иесі: "Меркі тынысы"–Баспасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Индекс: 080500, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ә.Ысмайылов көшесі, №179 «К».

Телефондар: Бас редактор – 2-16-03, бөлімдер – 2-16-04

Газет аралас – қазақ және орыс тілдерінде аптасына 2 рет – сәрсенбі, жұма күндері шығады. Редакция авторлардың көзқарасы үшін өзіне жауапкершілік жүктемейді. Газет «Қанатты қалам әлемі» ЖШС баспасында Д2 форматында басылды. Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі №36 Б

Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы КУӘЛІК №14047-Г Астана қаласы, 24.12.2013 жыл.

merki.tynysy@mail.ru
vestnik-merke@mail.ru

КЕЗЕКШІЛЕР: Н.Ғалым, О.Мазур

ТАРАЛЫМЫ: 2738 дана